

ЖОО компонентінің оқу пәндерінің тізімі

6B04 - Бизнес, басқару және құқық
(Білім беру саласының жіктелуі және коды)

6B041 - Бизнес және басқару
(Даярлау бағытының жіктелуі және коды)

0410

(Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуішіндегі код)

B044 - Менеджмент және басқару
(Білім беру бағдарламасы тобының жіктелуі және коды)

6B04108 - Экономика және менеджмент
(Білім беру бағдарламасының коды және атауы)

бакалавр
(дайындық деңгейі)

Оқуға түскен жылы 2024 жыл

Әзірленді

6B04108 – Экономика және менеджмент БББ академиялық комитет
АК жетекшісі: Зейнуллина Айгүл Жұмағалиевна.
БББ менеджері: Абылкасимова Жібек Әнуарбекқызы

ҚАРАСТЫРЫЛДЫ

Гуманитарлық-экономика факультетінің Академиялық сапа жөніндегі отырысында
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды
2024 жылы "11" қаңтар, №3 хаттама
Бизнес жоғары мектебінің Академиялық сапа жөніндегі комиссия отырысында
Университеттің Ғылыми кеңесінде бекітуге ұсынылды
2024 жылы "06" маусым, №1 хаттама

БЕКІТІЛДІ

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы "19" қаңтардағы № 6/1 хаттама.

Университеттің Ғылыми кеңесінің отырысында, 2024 жылғы 28 маусыдағы № 11 хаттама

Экономикалық-құқықтық және экологиялық білім негіздері

Пән циклі	Жалпы білім беру пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Интеграцияланған пән құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, экономика, кәсіпкерлік және көшбасшылық, экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері саласындағы негізгі мәселелер мен қағидаттарды қамтиды. Нормативтік құқықтық актілерді пайдалану ерекшеліктері, Қоғамның іскерлік, этикалық, қоғамдық, экономикалық, кәсіпкерлік және экологиялық нормаларын пайдалана білу. Экологиялық-құқықтық, экономикалық, кәсіпкерлік қатынастардың, көшбасшылық қасиеттердің және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қағидаттарының ерекшелігі.

Пәнді оқыту мақсаты

Антропогендік әсер ету және төтенше жағдайлар жағдайында тірі организмдердің, тұтастай биосфераның жұмыс істеуінің негізгі заңдылықтарын және олардың тұрақты даму тетіктерін зерделеуден тұрады; сыбайлас жемқорлық ұғымын, оған қарсы күрестің заңдылығын, мемлекеттік қылмыстық-атқару саясатының мазмұнын түсінуден; білім алушыларда Экономикалық теория негіздері бойынша базалық іргелі тұрақты білімді қалыптастырудан, экономикалық ойлау іскерлігі мен дағдыларын сіңіруден; студенттерді кәсіпкерлік теориясы мен практикасымен, өз ісін құру негіздерімен таныстырудан; көшбасшылық қасиеттерді дамыту және жетілдіру.

Оқыту нәтижелері

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) Тіршілік әрекетінің маңызды басымдықтары ретінде табиғи ортаның қауіпсіздігі мен сақталу мәселелерін талдайды;
- 2) Табиғат пайдалану және орнықты даму негіздерін білетіндігін көрсетеді, техногендік жүйелердің қоршаған ортаға әсерін бағалайды;
- 3) Қазақстан Республикасының негізгі нормативтік-құқықтық актілерін білуін, оларды түсінуін және қолданылуын көрсетеді;
- 4) Экономикалық процестердің даму заңдылықтары туралы білімдерін көрсетеді, өз ұстанымын нақты тұжырымдайды, оны қорғаудағы дәлелдерді табады және нақты баяндайды;
- 5) Кәсіпкерлік қызмет түрлері мен кәсіпкерлік ортаны сипаттай алады, бизнес-жоспар құра алады, кәсіпкерлік құрылымды құрады және оның қызметін ұйымдастыра алады;
- 6) Үлкен және кіші әлеуметтік топтарды басқарудағы көшбасшылық рөлі туралы іргелі ережелерді біледі.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Мамандыққа кіріспе

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

"Мамандыққа кіріспе" курсы студенттердің кәсіби қызмет саласы, оның қоғамдық өндірістегі орны мен рөлі туралы жүйелі түсініктерін қалыптастыруға бағытталған. Экономикалық процестер мен заңдылықтарды зерттеудің теориялық негіздері, әдіснамасы, әдістері мен тәжірибесі бойынша білім алу. Таңдаған мамандыққа қызығушылықты ынталандыру, студенттердің сабаққа дайындалуға және мамандық бойынша оқу жоспарын игеруге жауапкершілігін арттыру болып табылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттерге болашақ мамандығының мазмұны мен болашағы туралы нақты түсінік қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

ОН 6 Қоғамдық құқықтық және кәсіпкерлік ортада тұтас тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Кәсіби қызмет саласы, оның қоғамдық өндірістегі орны мен рөлі туралы түсініктерін біледі.
2. Әлеуметтік, саяси, экономикалық заңдылықтар мен үрдістерді анықтай алады.
3. Компаниялар қызметінің экономикалық ортасының жай-күйін бағалау кезінде талдаудың сандық және сапалық әдістерін қолдану қабілетін көрсетеді.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Институционалды экономика

Микроэкономика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс үй шаруашылығы, фирма, мемлекет сияқты жеке экономикалық субъектілердің мінез- құлқын зерттейді. Сондай- ақ шектеулі ресурстарды тиімді пайдаланумен байланысты экономикалық қатынастарды қарастырады. Микроэкономикада сұраныс және ұсыныстың мәні, оларға әсер ететін факторлары, заңдары зерттеледі. Өндіріс факторлар нарығының ерекшелігі де зерделенеді. Студенттер тұтынушылық мінез құлық теориясын зерттей отырып, нарықтық сұранысқа ықпалын көруге мүмкіндік алады.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттердің ғылыми экономикалық көзқарасын қалыптастыру, нарықтық экономика жағдайындағы шаруашылық субъектілерінің экономикалық жағдайлары мен мінез -құлық заңдылықтарын талдай білу.

Оқыту нәтижелері

ОН 2 Техникалық- экономикалық көрсеткіштерді талдауды қолдану негізінде кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінің нәтижелері бойынша есеп беру білімін көрсету.

ОН 3 Бизнес жобаларды техникалық-экономикалық негіздеуде, маркетингтік зерттеулерде және өндірістің дамуын болжауда талдау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Экономикалық жүйелердің жұмыс істеуінің теориялық негіздерін, микроэкономикалық байланыстар мен тәуелділіктердің заңдылықтарын біледі.
2. Микроэкономикалық білімді қызметтің әртүрлі салаларында қолдана алады.
3. Микроэкономикалық талдау үшін деректерді жинау мен өңдеудің заманауи әдістерін меңгеру.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Макроэкономика

Іскерлік әкімшілендіру негіздері

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс ұйымды басқару саласындағы негізгі ұғымдар мен анықтамаларды ашады, менеджерлердің кәсіби құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптарды, менеджментке жүйелі көзқарас негіздерін, менеджменттің дамуына елеулі үлес қосқан негізгі тәсілдерін түсіндіріп береді. Кәсіпкерлік қызметтегі іс қағаздарын жүргізу, кадр саясаты, билік формалары және көшбасшылық стилі, бизнесті басқарудағы келіспеушілік және жанжалды басқару туралы бірқатар мәлімет беріледі.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттердің өздерінің кәсіби қызметінде тиімді әкімшілік шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін әкімшілік -басқарушылық қызмет саласындағы теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды меңгеруі.

Оқыту нәтижелері

ОН 1 Әлеуметтік- мәдени, экономикалық- құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

ОН 5 Қаржылық есептілікті талдауды құрастыру және басқару шешімдерін қабылдау үшін алынған деректерді пайдалану дағдыларын көрсету.

ОН 6 Қоғамдық құқықтық және кәсіпкерлік ортада тұтас тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Әкімшілік-басқару қызметінің теориялық және әдіснамалық негіздерін біледі.
2. Іскерлік әкімшілендірудің әдістері мен тәсілдерін; ұйымдарда басқарудың қазіргі заманғы тұжырымдамалары мен стильдерін біледі; персоналдың еңбек қызметін ынталандыру, басқару еңбегін жоспарлау және ұйымдастыру бойынша жұмыс жүргізе алады.
3. Кәсіби қызметте тиімді әкімшілік шешімдер қабылдауға, басқарушылық стратегияларды әзірлеуге және іске асыруға, команда жұмысының нәтижелерін барабар бағалауға қабілетті болады.

Пререквизиттер

Мектеп курсы

Постреквизиттер

Ұйымдағы өзгерістерді басқару

Бухгалтерлік есеп және статистика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курсты оқу кезінде бухгалтерлік есеп пен статистиканың теориялық, құқықтық және әдістемелік негіздері қарастырылады. Жаппай процестерді сандық зерттеу әдістемесі бойынша білім қалыптасады, статистикалық көрсеткіштерді пайдалана отырып бағалайды, есеп ақпаратын өңдеуге және талдай білуге үйренеді. Пәндер бір бірімен тығыз байланыста болғандықтан бухгалтерлік есептің әдістерін статистикалық талдаумен байланыстыра оқыту орынды. Статистикалық зерттеу мен бухгалтерлік есеп мәліметтерімен бірлесе зерттелуі шаруашылық әрекеттердің дұрыс орындалуын сипаттайды.

Пәнді оқыту мақсаты

"Студенттердің бухгалтерлік есептің мәнін, бухгалтерлік бақылау объектілерін саналы түрде түсінуі, бухгалтерлік есептің жүйесін

құру мен дамыту процестерін білуі және әр түрлі экономикалық операцияларды есепке алу ерекшеліктерін түсінуі."

Оқыту нәтижелері

ОН 2 Техникалық экономикалық көрсеткіштерді талдауды қолдану негізінде кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінің нәтижелері бойынша есеп беру білімін көрсету.

ОН 4 Цифрландырудың озық технологияларын пайдалана отырып, нарық жағдайына сәйкес өндіріс тепе-теңдігін қамтамасыз ету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Бухгалтерлік есеп, статистиканың пәндік саласының мәнін ашатын ілімдер мен теорияларды біледі.
2. Тарихи үдерістің заңдылықтарын анықтау және әлеуметтік-экономикалық құбылыстар мен үдерістердің ағымдағы жай-күйінің факторларын зерттеу үшін бухгалтерлік есеп, статистика саласындағы ілімдер мен теориялар туралы білімді қолдана алады.
3. Барлық ұйымдық-құқықтық нысандағы, салалар мен меншік нысанындағы ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есеп әдістерін және ұлттық шаруашылық, аймақ, саладағы ұйымның шаруашылық байланыстарын статистикалық зерттеу әдістерін меңгереді.

Пререквизиттер

Микроэкономика

Постреквизиттер

1С: Бухгалтерия

Макроэкономика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курста макроэкономикалық теорияның маңызы, макроэкономикалық үлгілер мен көрсеткіштердің ерекшеліктері, нарықтардағы тепе-теңдік, мемлекеттің бюджеттік-салық және ақша-несие саясаты, экономикалық өсу, ашық экономика мен халықаралық сауда мәселелері қарастырылады. Сондай-ақ, студенттің теориялық білімін дамыту мақсатында алған білімдерді тәжірибелік есептер шығару барысында қолдана отырып машықтануға мүмкіндік береді. Макроэкономикалық құбылыстар мен процестерді ескере отырып, ұлттық экономиканың жағдайы мен даму тенденцияларын талдау дағдысына ие болады.

Пәнді оқыту мақсаты

"Ел экономикасының тұтастай жұмыс істеуіне біртұтас көзқарас қалыптастыру және макроэкономикалық талдау мен болжаудың негізін қалау."

Оқыту нәтижелері

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

- 1) макро деңгейде қазіргі экономиканың жұмыс істеу заңдылықтарын білу;
 - 2) макро деңгейлерде болып жатқан экономикалық процестерді оларға әсер ететін факторларға байланысты талдай білу;
 - 3) Экономикалық саясат саласындағы іс - шараларды бағалау және микро-және макро деңгейде стратегиялық шешімдер қабылдау үшін талдамалық материалдарды дайындау әдістемесін меңгеру.
1. Макро деңгейде қазіргі экономиканың жұмыс істеу заңдылықтарын білу.
 2. Макро деңгейлерде болып жатқан экономикалық процестерді оларға әсер ететін факторларға байланысты талдай білу.
 3. Экономикалық саясат саласындағы іс - шараларды бағалау және микро-және макро деңгейде стратегиялық шешімдер қабылдау үшін талдамалық материалдарды дайындау әдістемесін меңгеру.

Пререквизиттер

Микроэкономика

Постреквизиттер

Аймақтық және ұлттық экономика

Өндірістік практика 1

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Өндірістік үрдістерді талдау және әртүрлі ұйымдардағы экономикалық жағдайларды бағалау үшін қажетті ақпаратты жинау, өңдеу мәселелері қарастырылады. Практика барысында студенттер басқарушылық және ұйымдастырушылық іс-әрекет негіздерімен кәсіби шеберлікке ие болады.

Пәнді оқыту мақсаты

Кәсіби құзыреттілікті бекіту, тәжірибелік дағдылар мен кәсіби қызметтің тәжірибесіне ие болу.

Оқыту нәтижелері

ОН 2 Техникалық экономикалық көрсеткіштерді талдауды қолдану негізінде кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінің нәтижелері бойынша есеп беру білімін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Компанияның жобалық және коммерциялық қызметін жүзеге асыруда ақпаратты өңдеу, талдау, ресми құжаттарды құру үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен бағдарламалық өнімдерді қолданады.
2. Өндірісті ұйымдастыру, кәсіпорынның коммерциялық қызметін жүргізу және бәсекеге қабілетті өнім шығару үшін сапа менеджментінің принциптері мен әдістерін қолданады.
3. ҚР экономикасының тұрақты аймақтық дамуы үшін есеп және экономика саласында алған білімдері мен дағдыларын қолдануды көрсетеді.

Пререквизиттер

Оқу практикасы

Постреквизиттер

Өндірістік практика2

Оқу практикасы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	2
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Оқу практикасынан өту барысында теориялық білім бекітіледі және тереңдетіледі, өзінің болашақ мамандығының маңыздылығы, өңірдің кәсіпорындарында және жалпы ҚР бойынша жүзеге асырылатын экономикалық үдерістерді сипаттау және талдау негізінде қабілеті туралы түсінік қалыптасады.

Пәнді оқыту мақсаты

Жоғары оқу орындарының студенттерінің практика мақсаты оқыту, бірінші ғылыми-зерттеу дағдыларын дайындау, бизнес хат жүргізу дағдыларын, арнайы оқыту сәйкес жұмыс практикалық дағдыларды сатып алу кезінде сатып алынған теориялық білімді шоғырландыру және тереңдету, соның ішінде бастауыш кәсіби құзыретін, иемдену болып табылады.

Оқыту нәтижелері

ОН 2 Техникалық-экономикалық көрсеткіштерді талдауды қолдану негізінде кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінің нәтижелері бойынша есеп беру білімін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Алғашқы құжаттамамен жұмыс істеуге қабілетті болады.
2. Алынған материалдарға шолу жүргізу мен талдау жасай алады.
3. Есептер түрінде тұжырымдар жасау, қалыптасқан ұжымда жұмыс істеу дағдыларына ие болу, тәжірибелік міндеттерді шешу үшін математикалық, микроэкономикалық, экономикалық процестерді талдау негіздерін меңгереді.

Пререквизиттер

Мамандыққа кіріспе

Постреквизиттер

Өндірістік практика2

Іскерлік қарым – қатынас этикасы

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	1
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пәнді оқыту мақсаты

Оқыту нәтижелері

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

ОН 6 Қоғамдық құқықтық және кәсіпкерлік ортада тұтас тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын көрсету.

ОН 9 Еңбек персоналының әлеуметтік-экономикалық өзара әрекеті мен мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып, адам ресурстарын тиімді басқару қабілетін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

Пререквизиттер

Постреквизиттер

Абай әлемі

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Пән тарихи фактілерді, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының идеялық-эстетикалық құндылықтарды қалыптастыратын философиялық-көркемдік негіздерін игерте отыра, студенттің өз пікірін айта білу, практикалық дағдыларды және адамгершілік, адалдық, көркем мінез сияқты адами қасиеттерді қабылдауды меңгертеді. Қазақ әдебиеті қаламгерлерінің данышпандық қырлары мен М.Әуезовтің Абай мұрасын зерттеу, насихаттаудағы рөлін, шығармаларының тарих, әдебиет, ғылым үшін маңызын айқындайды.

Пәнді оқыту мақсаты

Философиялық және дүниетанымдық болмыстың мағынасын қалыптастыру, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мұхтар Әуезов шығармаларында көтерілген мәселелерді түсіну және алған білімді күнделікті өмір тәжірибесінде қолдану.

Оқыту нәтижелері

ОН 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

ОН 1 қоғамның қазіргі даму тенденцияларын ескере отырып, әлеуметтік - мәдени, экономикалық - құқықтық, экологиялық білімді, коммуникативті дағдыларды көрсету, ақпараттық технологияларды қолдану.

1) Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына қатысты тарихи фактілерді, шығармалардың философиялық-көркемдік негіздерін талдайды

2) Абайдың философиялық-көркем шығармаларының гуманистік идеяларын практикада қолданады

3) Абай еңбектерінің әдебиет және ғылым тарихындағы орны мен маңызын бағалайды

Пререквизиттер

Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)

Постреквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Ұйымдастырушылық тәртіп

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

«Ұйымдастырушылық тәртіп» курсы оқу студенттерге қызметкерлердің еңбек өнімділігін арттыру үшін алған білімдерін іс жүзінде қолдану мақсатымен іскерлік қарым-қатынастағы персоналдың мінез-құлқын зерттеуге, оның құрылымдық ерекшеліктерін анықтауға, талдауға және сапарлауға байланысты терең білім беруге арналған. «Ұйымдастырушылық тәртіп» курсы оқу студенттердің іс-әрекетін мәдениетті тұлғаның мінез-құлқының этикалық принциптерімен корреляциялау қабілетін дамытады, сонымен қатар іскерлік қарым-қатынаста достық ынтымақтастық дағдыларын қалыптастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Ұйымдастырушылық тәртіп саласында студенттердің кәсіби дағдылары мен білімдерін қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ОН 5 Қаржылық есептілікті талдауды құрастыру және басқару шешімдерін қабылдау үшін алынған деректерді пайдалану дағдыларын көрсету.

ОН 9 Еңбек персоналының әлеуметтік-экономикалық өзара әрекеті мен мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып, адам ресурстарын тиімді басқару қабілетін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Ұйымдағы адам мінез-құлқының негізгі заңдылықтарын, нысандары мен модельдерін біледі, ұйымдастырушылық мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік процестер мен факторларды талдайды.

2. Ұйымдастырушылық мінез-құлықтың заманауи тұжырымдамаларын ескере отырып, басқарушылық міндеттерді қалыптастыруға және шешуге қабілетті.

3. Ұйымдастырушылық мінез-құлықты тиімді басқару, қызметкерлердің жеке ерекшеліктерін және ұйымның даму мақсаттарын жан-жақты талдауды ескере отырып, басқарудың инновациялық тәсілдерін қолдану дағдыларын меңгереді.

Пререквизиттер

Іскерлік қарым – қатынас этикасы

Постреквизиттер

Ұйымдағы өзгерістерді басқару

Баға жасау

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

«Баға жасау» пәні бағаның мәнін түсінудің негізгі теориялық тәсілдерін зерттейді, нарықтағы бағаның және баға белгілеудің әдістемесінің рөлін, ішкі және сыртқы сауда баға жүйесімен таныстырады. Бұл курста баға мен нарықтық баға құрудың теориялық және практикалық мәселелерін қарастырады, сонымен қатар осы курсты оқу студенттерге баға саясаты әдістерін, баға стратегияларын және бизнестің тиімділігін арттыратын тәуелсіз экономикалық шешімдерді әзірлеу әдістерін сауатты пайдалануға мүмкіндік береді.

Пәнді оқыту мақсаты

Нарықта студенттердің баға, бағаның қалыптасуы туралы қажетті білім алу.

Оқыту нәтижелері

ОН 3 Бизнес жобаларды техникалық-экономикалық негіздеуде, маркетингтік зерттеулерде және өндірістің дамуын болжауда талдау.

ОН 4 Цифрландырудың озық технологияларын пайдалана отырып, нарық жағдайына сәйкес өндіріс тепе-теңдігін қамтамасыз ету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Орташа, толық, толық емес өзіндік құн, активтердің рентабельділігі негізінде тауардың шығынсыздық нүктесін, бағасын есептеуге қабілетті.

2. Ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілетті тауарларды ілгерілету үшін баға белгілеудің классикалық және қазіргі заманғы әдістерін қолдану дағдыларын меңгереді.

3. Баға саясатын және ұйымның стратегиясын таңдау үшін баға белгілеудің салалық ерекшеліктерін ескере отырып, бағаның әртүрлі түрлерін айқындау кезінде баға белгілеудің әртүрлі әдістерін қолдану үшін қажетті бастапқы деректерді синтездеу және талдау қабілетін көрсетеді.

Пререквизиттер

Маркетинг негіздері

Постреквизиттер

Экономика және өндірісті ұйымдастыру

Кәсіпкерлік қызмет

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

"Кәсіпкерлік қызмет" пәні ұйымдастыру, басқару процесін қарастырады, мақсатында үздіксіз, үнемі жаңартылып отыратын ұдайы қоғамның экономикалық, әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру және үстеме пайда алу. Осы курсты оқу сұранысты қанағаттандыру мақсатында студенттерге өндіріс факторларының жаңа комбинацияларын іске асыру саласында (өнімді, технологияны, ұйымдастырушылық тәсілдерді жаңарту) теориялық және практикалық білім мен дағдыларды алуға мүмкіндік береді.

Пәнді оқыту мақсаты

Кәсіпкерлік құрылымдардың экономикалық, ұйымдастырушылық және құқықтық қатынастарының жүйесі ретінде кәсіпкерліктің теориясы мен тәжірибесін зерделеу негізінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырудың тәжірибелік дағдыларын алу.

Оқыту нәтижелері

ОН 2 Техникалық- экономикалық көрсеткіштерді талдауды қолдану негізінде кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінің нәтижелері бойынша есеп беру білімін көрсету.

ОН 6 Қоғамдық құқықтық және кәсіпкерлік ортада тұтас тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Студенттер кәсіпкерліктің теориялық және әдістемелік негіздері туралы, кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру және оның тиімділігін бағалау процесі туралы түсініктері болуы тиіс.
2. Студенттер кәсіпкерлікті дамытуды реттеу мен қолдаудың мемлекеттік тетіктері туралы түсінікке ие болуы тиіс.
3. Студенттер фирмалар мен кәсіпорындардың жұмыс істеу механизмдерін, олардың кәсіби білімінің ажырамас бөлігі болып табылатын және практикалық қызметті жүзеге асыру кезінде тиімді шешім қабылдауға мүмкіндік беретін құқықтық нысандарын білуі тиіс.

Пререквизиттер

Мамандыққа кіріспе

Постреквизиттер

Институционалды экономика

Кәсіпорын экономикасы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Экономикалық реформалардың қазіргі кезеңінде экономикада, әсіресе микроэкономикалық деңгейде елеулі өзгерістер орын алуда: кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің сипаты мен әдістері өзгеруде. Бұл курста кәсіпорынның ресурстары, оларды пайдалану тиімділігі, рентабельділігі және кәсіпорын қызметінің негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері жан-жақты қарастырылады. Сонымен қатар берілген курста кәсіпорынның өндірістік қуаты мен капиталын оңтайландыру мақсатында еңбек ресурстарын ынталандыру әдістері.

Пәнді оқыту мақсаты

Студенттердің нарықтық экономиканың негізгі экономикалық субъектісі ретінде кәсіпорын қызметінің ұйымдастырушылық - экономикалық негіздері туралы біртұтас, жүйеленген білімдерін қалыптастыру.

Оқыту нәтижелері

ОН 2 Техникалық- экономикалық көрсеткіштерді талдауды қолдану негізінде кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінің нәтижелері бойынша есеп беру білімін көрсету.

ОН 7 Табысты оңтайландыру мақсатында өндірісте тұтынылатын шикізат пен материалдардың негізгі түрлеріне өзіндік құн нормативтерін қолдана білу.

ОН 8 Инновациялық және цифрлық технологияларды пайдалана отырып, өндіріс табыстылығын, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін, еңбек өнімділігін арттыру үшін қаржылық-экономикалық көрсеткіштерді талдау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық құбылыстар мен процестер, негізгі категориялар, кәсіпорынның ресурстық базасының сипаттамасын, кәсіпорынның әртүрлі ресурстарын пайдалануды бағалау көрсеткіштерінің экономикалық мазмұнын, кәсіпорын қызметінің тиімділігі мен оның бәсекеге қабілеттілігін есептеу үшін экономикалық көрсеткіштердің қолданылу саласын біледі.
2. Экономикалық есептеулер әдістемелерін пайдалану негізінде индуктивті және дедуктивті әдістер арқылы кәсіпорын қызметін жоспарлау және басқару саласында шешім іздеу және қабылдау үшін логикалық тұжырымдар жасай алады, кәсіпорынның даму үрдістерін анықтай алады және статистикалық ақпарат пен қаржылық есептілікті қолдану негізінде оның ресурстарын тиімді пайдалану және басқару бойынша шаралар ұсына алады.
3. Кәсіпорындардың есептілігінде қамтылған қаржылық, бухгалтерлік және статистикалық ақпаратты талдау, оны балдық, рейтингтік, факторлық және SWOT - талдау жүргізу жолымен кәсіпорынның диагностикасы үшін пайдалану, шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің тиімділігін сипаттайтын экономикалық көрсеткіштерді есептеу дағдыларын меңгереді.

Пререквизиттер

Өндірістік практика 1

Постреквизиттер

Өндірістік практика2

1С: Бухгалтерия

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

1С Бухгалтерия пәнінде еліміздің есеп жүйесінде кеңінен қолданылатын бағдарламалық өнім - 1С Бухгалтерия, оны қолдану тәртібі мен мүмкіндіктері қарастырылады, кәсіпорынды өзінен бастап оның әріспестері мен байланысты жақтары туралы ақпараттар енгізіледі, ұйымдағы активтер, міндеттемелер, қаржылық қорытындылар және капиталға қатысты барлық операцияларды бағдарламалық өнімде өңдеудің тәртібі мен бірізділігі оқылады, қаржылық есептілікті жасау көрсетіледі.

Пәнді оқыту мақсаты

Қаржылық есептілікті компьютерлендірілген құрастырудың негізгі тұжырымдамалары мен принциптерін игеру, 1С: Бухгалтерия жүйесінің құрылымы мен мазмұнын зерттеу.

Оқыту нәтижелері

ОН 2 Техникалық- экономикалық көрсеткіштерді талдауды қолдану негізінде кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінің нәтижелері бойынша есеп беру білімін көрсету.

ОН 5 Қаржылық есептілікті талдауды құрастыру және басқару шешімдерін қабылдау үшін алынған деректерді пайдалану дағдыларын көрсету.

ОН 7 Табысты оңтайландыру мақсатында өндірісте тұтынылатын шикізат пен материалдардың негізгі түрлеріне өзіндік құн нормативтерін қолдана білу.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Компьютерлендірілген есеп жүргізу жүйесін біледі;

2. 1С жүйесін әкімшілік және конфигурациялауды орындау, 1С жүйесі деректерінің негізгі типтерімен жұмыс істеу, деректердің қызметтік типтерімен және бухгалтерлік есеп объектілерімен жұмыс істей алады;

3. 1С-Кәсіпорын 8.2 жүйесінде жаңа құжаттарды, нысандарды, есептерді жасау және өңдеу дағдыларына ие болады.

Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Постреквизиттер

Өндірістік практика2

Өндірістік практика2

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	7
Білімді бақылау нысаны	Практика бойынша қорытынды баға

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курстың мазмұны: интерграциялық үдерістерді дамыту жағдайында кәсіпорынның (бизнестің) тиімді өндірістік- қаржылық қызметін жүзеге асыру мақсатында тәжірибелік шешімдерді әзірлеу үшін ақпаратты қолдану және түсіндіру мәселелері, кәсіпорында басқарудың және ұйымдастырудың озық әдістерін қолдану тәжірибесі қарастырылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Нақты еңбек жағдайында кәсіби дағдылар мен білікті қолдану.

Оқыту нәтижелері

ОН 2 Техникалық- экономикалық көрсеткіштерді талдауды қолдану негізінде кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінің нәтижелері бойынша есеп беру білімін көрсету.

ОН 3 Бизнес жобаларды техникалық-экономикалық негіздеуде, маркетингтік зерттеулерде және өндірістің дамуын болжауда талдау.

ОН 9 Еңбек персоналының әлеуметтік- экономикалық өзара әрекеті мен мінез- құлық ерекшеліктерін ескере отырып, адам ресурстарын тиімді басқару қабілетін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Ұйымның бәсекеге қабілеттілігінің теориялық негіздерін біледі.

2. Ұйымның стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыру мақсатында экономикалық субъектілердің қаржылық, бухгалтерлік, экономикалық және өзге де есептік ақпаратты талдай және түсіндіре алады.

3. Экономикалық және әлеуметтік деректерді жинау, өңдеу және талдаудың қазіргі заманғы әдістерін, бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған ұйымның стратегиясын жүзеге асыру және стратегиялық талдау, әзірлеу дағдыларын меңгереді.

Пререквизиттер

Өндірістік практика 1

Постреквизиттер

Өндірістік практика 3

Аймақтық және ұлттық экономика

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

«Аймақтық және ұлттық экономика» пәні ұлттық экономиканың тұтастай жүйесіндегі аймақтың әлеуметтік- экономикалық дамуы, экономиканы реформалау, оның әрі қарай тұрақтануы қандай да бір аймақтық факторларды зерттеуді оқытады. Қазақстанның ерекше мемлекеттік құрылымы, аймақтардың табиғи-климаттық, географиялық, демографиялық жағдайлары, олардың әлеуметтік-экономикалық дамуының күшеюші теңсіздігі ҚР әрбір аймағының ерекшеліктерін зерттеу, мемлекет пен

оның жекелеген аймақтарының мүдделерінің келістіру жолдарын іздеу қажеттілігін туындататын мәселелерді қарастырады.

Пәнді оқыту мақсаты

Пәнді оқытудың мақсаты студенттердің экономикалық ойлауын аймақтың экономикалық механизмін және оның жекелеген компоненттерін нарықтық басқару жағдайында зерттеу негізінде дамыту болып табылады

Оқыту нәтижелері

ON 3 Бизнес жобаларды техникалық-экономикалық негіздеуде, маркетингтік зерттеулерде және өндірістің дамуын болжауда талдау.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Студенттер әкімшілік-аумақтық құрылымдардың экономикасы мен әлеуметтік саласын реттеу және басқарудың тұтас жүйесін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері мен әдістемелік тәсілдері туралы түсінікке ие болуы керек.
2. Студент аймақтық дамудың негізгі құрамдастарын, Қазақстанның барлық өңірлерінің даму ерекшеліктері мен проблемаларын, мемлекеттің аймақтық саясатының негізгі бағыттарын білуі тиіс.
3. Студент республикалық тұжырымдамалар мен бағдарламаларды ескере отырып, мақсатты макроэкономикалық талдау жүргізе білуі және алынған нәтижелерді өзінің кәсіби идеялары мен дағдылары негізінде мазмұнды түсіндіре білуі тиіс.

Пререквизиттер

Макроэкономика

Постреквизиттер

Әлеуметтік-экономикалық жоспарлау

Ғылыми-экономикалық зерттеулердің әдіснамасы

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	3
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курста ғылым және ғылыми зерттеулер туралы негіздер келтірілген. Ғылыми зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру тетігі қарастырылады, Мұнда негізгі назар экономикалық зерттеулерге аударылады, экономикадағы ғылыми-басқару жүйелерінің әдістері мен әдістемесі, оның ішінде ғылыми талдау, синтез және болжамды қалыптастыру әдістері зерттеледі. Экономикалық ойды құруға және қалыптастыруға, отандық және шетелдік экономикалық ғылыми мектептер мен олардың көрнекті өкілдерінің жұмысына ерекше назар аударылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Экономикада зерттеудің заманауи әдістерін қолдану бойынша білім, білік және тәжірибелік дағдыларды игеру.

Оқыту нәтижелері

ON 1 Әлеуметтік-мәдени, экономикалық-құқықтық, экологиялық білімдері мен коммуникативтік іскерліктерді көрсете білу, қоғамның қазіргі заманғы даму үрдістерін ескере отырып, ақпараттық технологияларды қолдану.

ON 2 Техникалық-экономикалық көрсеткіштерді талдауды қолдану негізінде кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінің нәтижелері бойынша есеп беру білімін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Экономикалық зерттеу әдіснамасының дүниетанымдық, әлеуметтік және жеке маңызды мәселелерін біледі.
2. Қоғамда болып жатқан әлеуметтік-маңызды проблемалар мен процестерді талдай алады, олардың дамуының мүмкін бағыттарын болжай алады.
3. Экономикалық зерттеулерде ғылыми білімнің жалпы ғылыми және арнайы әдістерінің құралдарын қолдану дағдыларына ие болады.

Пререквизиттер

БББ базалық және бейіндеуші пәндері

Постреквизиттер

Өндірістік практика2

Стратегиялық менеджмент

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	2
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Курс ұйымның миссиясын, мақсаттары мен құндылықтарын түсінуге мүмкіндік береді, стратегиялық басқару процесін ашады. Стратегиялық жоспарларды әзірлеуге, PEST және SWOT талдау әдістеріне негізделген компанияның сыртқы және ішкі ортасын талдауға арналған құралдар жинағы берілген. Тиімді стратегиялық көшбасшылықтың тәсілдерін анықтайды. Мүдделі тараптарға, жалпы қоғамға және өзіне қатысты стратегиялық дилеммалар туралы стратегиялық пікірталас және пікір айту дағдылары дамиды.

Пәнді оқыту мақсаты

Жаһандық бәсекелестік жағдайында ұйымның стратегиясын әзірлеу мен іске асырудың негізгі қағидаттары мен тәсілдерін меңгеру.

Оқыту нәтижелері

ON 2 Техникалық-экономикалық көрсеткіштерді талдауды қолдану негізінде кәсіпорындар мен ұйымдар қызметінің нәтижелері бойынша есеп беру білімін көрсету.

ON 5 Қаржылық есептілікті талдауды құрастыру және басқару шешімдерін қабылдау үшін алынған деректерді пайдалану дағдыларын көрсету.

ON 10 Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыру үшін олардың салдарын теңестіру мақсатында экономикалық тәуекелдерді болжау және басқару.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Ұйымды стратегиялық басқарудың әдіснамалық негіздерін, басқару жүйесіндегі стратегиялық менеджменттің орны мен рөлін; стратегиялық менеджменттің қағидаттарын біледі.
2. Стратегиялық талдау әдістері негізінде ұйым қызметін жоспарлай алады, ұйымның миссиясы мен мақсаттарын іске асыруға бағытталған стратегияларды әзірлейді, тұтастай алғанда ұйымның стратегиясы мен стратегиялық менеджментінің тиімділігін бағалау әдістерін қолданады, ұйымның стратегиялық әлеуетіне талдау жүргізеді.
3. Таңдалған стратегияны іске асыру; ұйымның стратегиялық әлеуетінің тиімділігін бағалау дағдыларын меңгереді.

Пререквизиттер

Тәуекел – менеджмент

Постреквизиттер

Ұйымдағы өзгерістерді басқару

Еңбекті ұйымдастыру, нормалау және еңбекақы төлеу

Пән циклі	Базалық пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	6
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Қарастырылып отырған «Еңбекті ұйымдастыру, нормалау және еңбекақы төлеу» курсының өзіндік мазмұны, ғылыми аспектілері, сондай-ақ әртүрлі ұйымдар қызметшілерінің еңбек қызметін тану әдістемелері бар. Атап айтқанда, ол қызметкердің жұмыс уақытының ұзақтығы, оның еңбегін нормалау, еңбек нормаларын анықтау және оны ұтымды ұйымдастыру мәселелерін зерттейді. Сондай-ақ, оның саласының негізгі аспектілерінің бірі- әлеуметтік сипаттағы қызметкердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, олардың жалпы өнімділігін арттыру және т.б.

Пәнді оқыту мақсаты

Еңбек процестері мен операцияларын ұйымдастыру, нормалау өрісінде мәселелерді зерттеп, оларды жетілдіру бойынша шараларды анықтау және тірі еңбек шығындарын есептеу болады, сондай-ақ, орындалған жұмыстың сапасына және көлеміне қарай төлемақы деңгейін анықтап, өндірістік кәсіпорындар жұмыскерлерінің тиімді қызметін қамтамасыз ету.

Оқыту нәтижелері

ОН 5 Қаржылық есептілікті талдауды құрастыру және басқару шешімдерін қабылдау үшін алынған деректерді пайдалану дағдыларын көрсету.

ОН 9 Еңбек персоналының әлеуметтік-экономикалық өзара әрекеті мен мінез-құлық ерекшеліктерін ескере отырып, адам ресурстарын тиімді басқару қабілетін көрсету.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Мазмұнын, ғылыми аспектілерін, сондай-ақ қызметкерлердің еңбек қызметін тану әдістемесін біледі.
2. Жұмыскердің жұмыс уақытының ұзақтығы, оның еңбегін нормалау, еңбек нормаларын айқындау, оны ұтымды ұйымдастыру мәселелерін талдауға қабілетті.
3. Жұмыскердің әлеуметтік қорғалуы және олардың жұмыс қабілеттілігі бойынша тиімді шешімдер қабылдайды.

Пререквизиттер

Еңбек экономикасы

Постреквизиттер

Өндірістік практика 3

Жобаларды басқару

Пән циклі	Бейіндеуші пәндер
Курс	3
Академиялық кредит саны	5
Білімді бақылау нысаны	Емтихан

Пән мазмұнының қысқаша сипаттамасы

Бұл курс студенттерді жобаларды басқарудың негізгі тұжырымдамаларымен және коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдарда жобаларды сәтті іске қосу, бағыттау және іске асыру үшін қажетті мінез-құлық дағдыларымен таныстырады. Бұл курста студенттер жобаларды басқаруды практикалық тәсіл, кейс-стади және топтық жаттығулар арқылы үйренеді. Өзгерістерге қарсылықты жеңу үшін табысқа етудің маңызды факторларына ерекше назар аударылады.

Пәнді оқыту мақсаты

Болашақ маманды жобаларды басқарудың теориялық негіздеріне оқыту және жобалық шешімдерді бағалау және жобаны іске асыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру үшін жеткілікті дағдыларға ие болу.

Оқыту нәтижелері

ОН 4 Цифрландырудың озық технологияларын пайдалана отырып, нарық жағдайына сәйкес өндіріс тепе-теңдігін қамтамасыз ету.

ОН 10 Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыру үшін олардың салдарын теңестіру мақсатында экономикалық тәуекелдерді болжау және басқару.

Пән бойынша оқыту нәтижелері

1. Жобаларды басқарудың жалпы әдіснамасын, жобаларды басқару процестерін және жобаларды басқарудың функционалдық салаларын біледі.
2. Жобаны жүйелі сипаттай алады, жұмыстардың құрылымдық декомпозициясын әзірлей алады, жобаның тәуекелдеріне жүйелі талдауды жүзеге асыра алады, жобаның коммуникация және стейкхолдерлермен өзара қарым-қатынас жүйесін құра алады.
3. Ұйымдық құрылымды жобалауға, өкілеттік пен жауапкершілікті оларды беру негізінде бөлуге қабілетті.

Пререквизиттер

Тәуекел – менеджмент

Постреквизиттер

Өндірістік практика 3